Г.З. АБДРАСИЛОВА

ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АДАМ ТИПІ

Қазіргі заман әлемдік мәдениетке «жаһандану» атымен енген универсалды, локальды және индивидуалды арасындағы көпқырлы қайшылықтар әкелуде. Бір жағынан тұтастырушы тенденциялар, бұқаралық ақпарат, байланыс құралдары, көлік кең таралып, нарық, қаржы, өндіріс, техникалық дамудың шығындары мен қауіптері, экологиялық, демографиялық мәселелер ғаламдық шеңберде ауқымдануда. Екінші жағынан адам қауымдастықтарының индивидуализациялануы тереңдеп, дәстүрлі қоғамның (индустриалды капитализм қалыптасқаннан бергі) сарқыншақтары жойылып, Ортағасырларда, дәстүрлі қоғамдарда және Жаңа Заман тудырған дәстүрлі емес әлеуметтік құрылымдарда маңызды рөл атқарған адам қауымдастықтарының формалары ыдырауда. Бұл процестер «постмодерн» мәдениетінен және осы кезең адамының бейнесінен көрініс табуда.

«Постмодерн» деп «жаңа», «модерн» кезеңінен кейінгі дәуірді атайды. Бірақ «кейін жүру», «кейін келу» – жалғастыру дегенді білдірмейді, сондықтан модерн жетістіктері – постмодерн үшін негіз болған жоқ. Керісінше модерн – радикалды сараланудан өтіп, ассиммиляцияға ұшыраған материал рөлін атқарды. Соның нәтижесінде «постмодерн» тарихқа – айқындылықтың болмауынан «есі шыққан», «тұрақсыз» дүние ретінде енген бүгінгі күннің спецификасын белгілеу үшін қолданылатын ұғымға, ал постмодерн дәуірі – индивидуалды өзіндік сананың рухани төңкерісін баяндау, бейнелеу құқығын иелену талпынысының, жалпы қабылданған, рұқсат етілген шектеулерге наразылық дәуірінің қолтаңбасына айналды **(1).**

Адамзат мәдениеті тарихындағы жаңа - «постмодерн» деп аталатын кезеңнің мерзімін – оны көркем мәдениеттегі (авангардизмнің пайда болу уақытына сәйкес) құбылыс ретінде қарастыратын болсақ - XX ғасырдың басы деп санауға болады. Ал егер постмодерндік жыл санауға «алдын ала белгіленген ережелер бойынша өмір сүруден бас тарту» тезисі тұрғысынан келетін болсақ, онда бұл құбылыстың тіршілігіне 200 жыл. Өйткені осынша уақыт бұрын, Шопенгауэр мен Ницше еңбектері негізінде барлық, өмірлік жағдайларды бейнелейтін көркем формалар Ақыл-оймен, Ақиқатпен, Логикамен, Ізгілікпен, Себептілік заңымен, Канттың категориялық императивімен «ренжісті». «Модерн» сөзі алғаш рет б.д.д. V ғасырда ресми статусқа ие болған христиандықтың – өзін римдік мәжусиліктен алшақтатуы, ажыратуы үшін қолданылған болатын. Содан бері ол «модернділік», «қазіргі замандылық» мағынасында, ескі мен жаңаның алшақтығы, сәйкес еместігі ретінде қолданылумен келеді. Ал Жаңа Замандағы «модерн» – прогрестің, ақыл-ойдың, рационалды мағынаның, ғылымның, тұлға бостандығының жолындағы наным-сенімдермен, дәстүрмен күресті бейнеледі. Бұрынғы Көне Сәлемге беріктілік, адалдық, дәстүрінің орнына, «жаңа» – прогреске (бостандықтың, азаттықтың негізі ретіндегі ақыл-ойға) деген сенім келді.

Ал «пост» жалғауын, біріншіден, өзіміздің өткеніміз бен қазіргіміздің шекарасын, кешегі сипаттағы дүниенің бүгінгі күнгі біздерге тура келмейтіндігін бейнелеу үшін, өзімізді ол уақыттан «кейінгі» екенімізді және біз үшін ол кезеңнің аяқталғандығын сезіну үшін қолданамыз. Екіншіден, Жаңа Заманда, Ағартушылық дәуірде нақты тұжырымдалып, жарияланған «модерннен» (прогресс идеологиясынан) өзгешелігі, «постмодернде» – ертеңгіге, жаңаға деген сенім жоқ. «Жаңа» дегеніміз постмодернде «қауіп-қатер», ал келешек – белгісіздік пен төуекелге бел шешудің қайнары ретінде қарастырылады.

Соған қарамай әрдайым, әрбір дәуір өзін Антикамен салыстырып отырды. Европа ескіден жаңаға ауысудың талай кезеңін бастан кешірді, әрбір ғасыр өзін «модернді» (жаңаша, Қазіргі Заманғы ретінде) санаумен болды. Бірақ жаңа мәдени ғасыр қандай болғанына қарамай қандай жаңа құндылықтық бағдарлар, интеллектуалды әрекеттің қағидаларын қарастырғанына қарамастан, олардың барлығы Антикаға бағытталған, жаңарған қатынас негізінде іске асты. Кез келген дәуірдің «модернді» мәдениеті Антикаға қарайлаумен дамыды. Және Антиканы сынай отырып та тарихи-мәдени кезеңдердің ешқайсысы одан бас тартқан емес. Мысалы, «модернді» суретшілер барлық кезеңде Антикалық өнерді нормативті үлгі ретінде қабылдады. Философия саласында да дәл солай. XIX ғасырдың ортасына дейінгі Европалық философия түрлі ауытқуларына қарамастан Парменидтік болмыс мәселесіне негізделген фәлсафалау үлгісін қайталаумен болды.

Постмодернизм – бұл гректік дәстүрден бас тарту. Философиядағы постмодернизм – классикамен қатар өмір сүріп, Кьеркегордың Гегельдің

заманында тіршілік етіп, оның диалектикасын қабылдап, оны жою үшін қолданғаны сияқты, б.д.д. V ғасырда гректер өздерінің дәстүрлі Құдайларына сенімдерін жоғалтып, тірексіз тіршілік қорқынышын сезінген соң, жан тыныштығы мен тәртіпке кепілдік болатын күштерді іздестіре бастағанда, ескі ыдырап, ал жаңа қалыптаса қоймаған кезеңде, тұрақты, сенімді, мәңгі ретінде Парменид ұсынған болмыс ұғымымен қоса Гераклит те өз түсіндірмесін ұсынды. Ол «болмыс дегеніміз мәңгі өзгеріс, тоқтаусыз процесс, қозғалыс, даму» екенін жариялады. Гректер екі ұсынысты таңдай келіп Парменидтік түсіндірмеге тоқтағаны тарихтан белгілі.

Постмодерн – дүниесезінудің жаңа типі ретінде өзіндік жаңа адам типін ұсынды. Ол тип Ницшенің «жоғарыадамы» немесе жеке «мен», квант сияқты приципиалды айқынсыз, нормативтілік пен рационалдылықтың ешбір түрін қабылдамайтын тұлға. Ондай «біртүрлі», «әлеуметтік делқұлы» қазіргі адамға хаостық тәртіп тән. Оның көңіл-күйі, іс-әрекеті, қарым-қатынасы көп жағдайда сипаттауға келмейді, өйткені оған «бәрібір». Ол не істегісі келсе соны істеп, өз қалауы бойынша әрекет етіп жататын адам. Постмодерн өзінің экстремалдылыққа, эпатажға бейімділігімен күнделікті тұрмыстық қатынастардағы стереотиптілік пен иерархияның құндылықтарын қабылдауға бағытталған дәстүршілдікке қайшы.

Постмодерн – инстинкттерге, барлығына еріктілікке, спонтандылыққа, хаоска және талғамдар мен мәнерлердің көптүрлілігіне жүгініп, өмір мен өнердің арасын жақындата түсіп, екеуін тұтастырады. «Өнер – өмірлік қайшылықтардан туындауы қажет» деп санайтын постмодерн болмыс прозасының, нағыз дүниенің кемшіндігін мысалға келтіріп, өз тәртібін ұсынады. Ал мұндай «тәуекелшілдік» атмосферасы, тұрақсыздық, орнықсыздық пен принципиалды плюрализм жағдайындағы бүгінгі күннің адамы – әр жолы өмірлік-мәндік-мағыналық таңдау жасап, өзін-өзі үздіксіз қайта қарастырып, өзін-өзі қайта анықтап, өзіндік идентификация жасап отыруға мәжбүр.

Творчествоның мәні – кәдімгі заттардың утилитарлы байланыстарын жойып, оларды жаңа мағыналық жүйеге ендіріп, сыйғызып, «көркемдік» пен «бейкөркемдіктің» бірлігін көрсету. Бұл тақырыптағы өз мақаласында Ә.Қодар 21 ғасыр басындағы Қазақстан мәдениетіндегі инновациялық өзгерістердің шеңбері «модерн», «постмодерн» ұғымдарымен анықталатынын айта келіп жаһандану мен постмодерн дәуірінің деңгейіне сай үн қата білген авторлар ретінде Б.Нұржановтың «Қала мен дала» еңбегін, Ж.Баймұхаметовтың тұжырымдарын, А.Акишевтің «Сақ митраизмі» мақаласын атайды. «Жақсының бәрі өзіміздікі» қағидасын басшылыққа алатын Б. Атабаевтың «символизмнің әкесі» атанған Метерлинктің «Зағиптары» қойылымы арқылы көрерменді рухани соқырлық мәселесіне, катарсиске сыртқы атрибутикасызақ (сахнада – сұрқай декорация фонындағы сұр киімді соқырлар ғана) жеткізіп, ең бастысы, шешімді көрермен аудиториясына қалдырып, постмодернистік деконструкция актісін іске асыратын кәсіпқойлық сұңғылалығын, сұңғатшы Е.Мергеновтің «Кездесу» атты композициясын мысалға келтіреді **(2).**

Постмодернистік бағдар дәстүрлі түсініктегі руханилықты толық ығыстырып тастай алған жоқ. Сондықтан постмодерндік дәстүрлі мәдениеттің перифериясында тіршілік етіп келеді. Сұрыптау принципі салтанат құруда және ол принцип бойынша дүниетанымдық мозаиканың фрагменттерін іріктеу дәл сол сәттегі жағдайға сәйкестендіріліп таңдалуда. Дүниетаным приципиалды түрде релятивті. Және ол да «кенеттен», стихиялы-спонтанды түрде пайда болатын мақсаттарға сәйкес өзгертіліп, қайта қарастырылып отырылады. Нәтижесінде адам санасы үзілген, бөлшектенген санаға айналады. Оның дүниетанымын бастан өткен тәжірибе мен күнделікті оқиғалардан туындайтын үстірт әсерлердің эклектикасы құрайды. Енді ол – түсіндірмелер матрицасы емес. Постмодерндік сана – болуы мүмкін шекараларды байқап-бағамдап, «өзара байланысты» деп саналатын мағыналар әлеміндегі «дүние кезудің» тізбегі.

Мұндай жағдайдың жағымсыз экзистенциалды салдары – дүниеге деген фрагментарлы қатынастың нәтижесінде адамда өз-өзіне деген фрагментарлы қатынастың қалыптасатындығы, демек, өзіндік барабарлықтың жойылатындығы. Ақиқат, дұрыс ұғым таныла алмайды, өйткені ненің-неге сәйкес келіп, ненің-неге негізделуі керектігі анық болмайды. Монтаж, коллаждың, бриколлаждың мәтіндері әрі шын дүние, әрі дүниеге түсіндірме, әрі оны алмастырушы ретінде болуы себепті, реалды өмірді симуляциялау жағдайы қалыптасады (Словениялық психоаналитик Сл.Жижектің пікірінше – виртуалды реалдылықтың мәні – оның реалдылықты имитациялауы емес, симуляциялауында; имитация – өмірде бар нәрсеге ұқсатып қайталау, симуляция – жоқты бардай көрсету) **(3).**

Ақылға қарсы шыға отырып ойшылдар қоғамда күшейе түскен тіршілік етудің мағынасыз-

дығы, сүйеніш-тірексіздігі сезімдерін бейнеледі. Құдайдан бас тартып («Құдай өлді» Ницше), бұдан былай ақылға сенім артпайтын XX ғасыр адамы өз денесімен, тәнімен жалғыздан-жалғыз, бетпе-бет қалды. Рух және ақыл-ой культінің орнын дене культі иеленді. Бұл – мәжусиліктің, дәлірегі неомәжусиліктің басты белгісі. Мұндай жаңа культ түрі бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен планетаға кең тарады. Түнгі эротикалық және порнографиялық телебағдарламалар Дионисийлік мәнердегі көпшілік қатысатын оргияларды ұйымдастырушы қызметін өз міндетіне алды. Егер антикалық фаллос культі осы органға байланысты ритуалдық, символдық әрекеттерге және құпия мағынаға ие болса (саулық, тағдыр, жемістілік т.б.), қазіргі заманғы секстe символ немесе терең мән жоқ: негізгі мақсат біреу – ол адамдардың жыныстық инстинкттеріне және оны қанағаттандыру тілектеріне тікелей ашық ықпал ету. Мұндай мәжусилік процестер өнер түрлерінде де көрініс берді. Мысалы кейбір авторлар рок-мәдениет – Ежелгі Грецияның, Египеттің және Африканың өнері дамуының алғашқы кезеңіндегі архаиканың аналогы деп санайды. Бұл мағынада авангардизм де архаика. Оны насихаттаушылар адам психикасының тереңінде жасырынған эмоционалды белсенділік пен интеллектуалдылықтың бейсаналық бастамаларына оралуға талпыныс жасайды. Мысалы, кубизм – XX ғасыр басындағы авангардистік ағым – нәрселерді шарлар, конустар, кубтар т.б. геометриялық фигураларды бейнелей отырып африкалық мәдениет дәстүрін қолданған. Геометриялық фигуралар, авангардистер пікірінше, мәдениетке дейінгі адамның реалдылықты жасау, сезіну (мәдениет белестерінің астына жасырылған) бастапқы мәдениетке дейінгі символдар болып табылады. Мысалы Малевичтің «Қара квадраты» – архаикаға тән абсолютті бастаманың діни культі және ритуалдық белгісі бейнеленген сакралдылықты «баяндайды».

Абсурд өнері де осындай «белгі» міндетін атқарады. Оның негізінде адам тіршілігінің мағынасыздық, мақсатсыздық, алогизм мен хаос, болмыстың абсурдтылығы, адам ақыл-ойының әлсіздігі сияқты дүниетанымдық ұстанымдар жатыр. Сондықтан абсурд драматургтері гротескті жиі қолданады (фр. grotesque – причудливый, затейливый – адамның жеркеніш, қорқыныш, ашу-ыза сезімдерін тудыратын образдарды жасау).

Тұтас алғанда, постмодернизм ең алдымен философияда: мыңжылдықтар тоғысындағы қоғамда құндылықтардың түпкілікті қайта сараланuы іске асып жатқандығына назар аударып, билік пен зорлық идеологиясын терістеп, теңқұқылы сұхбат, өзаракелісім және шешімді бірлесе отырып іздеу мен плюрализмді жақтап пікір білдірді. Сөйте отырып жаңа құндылықтар дүниесіндегі мұндай келісім – келіспеушілік пен келісімсіздіктің болуын мойындау мен қабылдауға негізделетіндігін баса көрсетті.

Постмодерндік адамның келесі ерекшелігі – оның виртуалды реалдылықпен істес болуында. Виртуалды реалдылық – адам мотивацияларының озбырлығы айқын көрінетін өзге реалдылық. Мұндай сапада виртуалды реалдылық – қажетіне қарай бейімделгіш, динамикалы, әрі қазіргі сәттегі уайым-сезімдерді толықтыруға бағытталғандығымен құнды. Іске асқан-аспаған мүмкіндіктердің, тәжірибеде жоқ кемшіннің орнын, әрі организмнің психосоматикалық қажеттіліктерін толықтыру сияқты мәндік статусты иеленуге ұмтылысы тағы бар. Адамның өзөзіне көңілі толуы күйіне қол жеткізу – виртуалды реалдылықты модельдеудегі приоритетті мақсаттардың бірі. Келесі мақсат – эмоционалды және менталды шығындардың орнын толтыру. Үшінші мақсат – (гипотетикалық диалог және қарым-қатынас жағдайындағы) мағыналарды іздеп табу.

Виртуалды реалдылықтың креативті функциясын атап өтетін болсақ, адам өз тәжірибесі мен дүниесін, шекарасын өз қалауынша кеңейту мүмкіндігіне ие болады. Болмыстың виртуалды жоспары нақты индивидуумға – универсалды басқару функциясын иеленуге мүмкіндік береді. Мысалы, өткен шақ пен қазіргі күн және келешектен тұратын уақыт тізбесі қалауынша бұзыла алады. Қозғалыс адам қалаған жерден кілт тоқтатылып, даму – кері бағытқа бұрыла алады. Әсіресе Әлемдік Өрмек – Интернет арқасында виртуалды реалдылықтың коммуникациялық мүмкіндігі орасандықпен ұлғаюда.

Виртуалды реалдылықтың тууына психоаналитикалық бейсаналық концепциясы және М.Фуко, Ж.Делездер структурализмі негіз болды деп санайды мамандар. Адамның өз санасының фантомдарына саяхат жасап, ойдан құрылған жағдайларға ұшырап жатуына компьютердің қатысуын ескермесек – бізге барлығы да психикалық ауытқу ретінде көрінген болар еді. Ал модельдеуші компьютерлік жүйенің қатысуы арқасында адамның қиялдағы реалдылықпен өткізетін жаттығулары виртуалды дүниеде қалыпты әрекет статусын иеленеді.

Виртуалды реалдылық бұл дүниені өңдеуге, толықтыруға ұмтылады. Сондықтан оның жаңа сипаты – панорамалылығында: кез келген оқиға

сол адамның өз көзқарасы тұрғысынан және көптеген тұрғыдан қарастырыла алады. Панорамалық сипаттың арқасында адам өзінің жеке бас тарихының із-белгілеріне қоса, бұл дүниеде іске аспаған идеалдарын, кеңістік пен уақыттағы акценттерді көре біле алады. Мұндай параллельді, техногенді өркениет жаратқан виртуалды мәдениеттің жағымсыз салдарын атайтын болсақ, ол – ақпараттық соғыстар, сексуалды қатынастардың трансформациялары, арсыздық «мәдениетінің» өркендеуі.

Виртуалдылыққа деген қажеттіліктің негізі – адам табиғатының ұмтылыстары мен реалды болмыс санкциялары арасындағы сәйкессіздік. Өйткені тұлға санасы қатаң рационалдылықтың үстемдігінен қысым көруде. Ал виртуалды реалдылық – адамға потенциядағы болмысты және оның мүмкіндіктерін сыйлауда. Виртуалды реалдылық адамның трансценденттілікке, яғни нақты – тарихи шекаралардан асып, шарттыдан шартсызға көтерілуге деген қажеттілігін қанағаттандыруда. Техникалық экспанция нәтижесінде эмоционалдық функциялардың гипперсаркылуы, ақыл-ойдың гиперкарапайымдануы, примитивизмге бет алған электронды өнер – XXI ғасырдағы технологиялық қоғамның рухани атмосферасының сипаты осындай. Сөйтсе де келешектің ақпараттық-коммуникативтік технологиялары адамды күнделікті тұрмыстың шектеулерінен азат етіп, адами көріністің жаңа формаларына жол ашады, виртуалды реалдылық жүйелер адам санасының тереңіндегі ресурстарды іске қосып, тұлғаның «жаңа өзіндік жетімділігіне» қол жеткізіп, революциялық-әлеуметтік оң нәтижелер береді деп күтілуде.

Қарсы тенденция ретінде қазіргі Қазақстанда тұлғалық бастаманы сақтау, нағыз адами мәнді иелену бағытындағы процестер қарқынды жүруде. Адамзат мәдениетін алуан түрлі ұлттық қазына құрайтындықтан тарихи санамызды жаңғырту мақсатында Мемлекеттік «Ұлттық мұра» мәдени актісі шеңберінде рухани жәдігерлеріміз жарияланып, маңызды зерттеулер жүргізілуде. Тәрбие-білім саласына мән беріліп, ұлттық тіл, ұлттық рух пен сананы және толеранттылықты асқақтатуға бағытталған шаралар іске асырылуда.

ӘДЕБИЕТ

1. *Ильин И.П.* Постмодернизм от истоков до конца столетия: эволюция научного мифа. -М.: Интрада, 1998.

2. *Қодар Ә.* Инновационные явления в современной культуре Казахстан // Тамыр №1(21). - Алматы. 2008.

3. *Лешкевич Т.Г.* Философия. - М., 2000.

Резюме

Проанализирован процесс формирования нового типа человека современности - расколотого субъекта и «культурного мутанта» «с фрагментарным» отношением к себе, отсутствием самоидентификации, с персональной системой ценностей и субъективным, дистанцированным от общества образом жизни – виртуального человека эпохи постмодернизма.

Summary

The article analyze the process and circumstances of a new type of human of our time - the era of postmodernism - that the divided subject and the «cultural mutant» «fragmentary» attitude toward themselves, the lack of identity, with personal values and subjective, distanced itself from society, a way of life - a «virtual man».